7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Жабдықтарды метрология мен стандартизация талаптарына сай техникалық күйде ұстап тұру, телекоммуникация желілерін тексеру, лицензиялық қызметті тексеру, заңсыз жұмыс істеп тұрған таратқыш құралдарды алдын ала табу және радиобөгеулерді жою кезінде сапалы өлшеулерге қол жеткізу, радиожиілік спектрді тиімді пайдалану құбылысын көтеру, М.В. Хруничев атындағы ФМУК МҒҒӨО геостационарлық орбитаға телекоммуникациялық спутникті жеткізу, қосалқы ғарыштық аппараттармен жерден басқару кешені мен байланысты мониторингілеу жүйесін құру жөніндегі Контракт бойынша міндеттерін орындауына техникалық бақылау жасау, М.В. Хруничев атындағы ФМУК МҒҒӨО әзірлеген радиобайланыс, радиотехника, деректерді жеткізу, ғарыштық техника саласындағы және ұшқыш аппараттарды басқаруды ұйымдастыру оқыту бағдарламасы бойынша "инженер" мамандығы бойынша Қоғам қызметкерлерін оқыту.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
365-ҚОСЫМША

603 - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Мемлекеттік органдардың электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесін құру" деген 007 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 401836 мың теңге (төрт жүз бір миллион сегіз жүз отыз алты мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: 2004 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексі ; "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы Заңының 5-бабы ; "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 мамырдағы Заңының 5-бабы ; "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылдың 2 желтоқсанындағы Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында "электрондық үкімет" қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы 2004 жылғы 10 қарашадағы N 1471 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасының ақпараттандыру саласындағы ұлттық операторы туралы" 2004 жылғы 16 қаңтардағы N 44 ; Қазақстан Республикасында бірыңғай ақпараттық кеңістікті дамыту және Ұлттық ақпараттық технологиялар жабық акционерлік қоғамын құру туралы" 2000 жылғы 4 сәуірдегі N 492; "Мемлекеттік

органдарды ақпараттандыру мәселелері туралы" 2000 жылғы 5 қазандағы N 1501 қаулылары.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: басқарушылық шешімдерді қабылдау жеделдігі мен сапасын арттыру; мемлекеттік басқарудың барлық деңгейінде электрондық құжаттарды өңдеудің бірыңғай технологиясын және құжаттарды ұйымдық пайдалану тетіктері арқылы электрондық құжат айналымының бірыңғай идеологиясын ендіру арқылы, тұтас алғанда, мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: ақпараттық ағындарды ұтымды ұйымдастыру мақсатында мемлекеттік органдардың электрондық құжат айналымын дамыту және енгізу, ақпараттың қосарланушылығын болдырмау және оның дұрыстығын, өзектілігі мен қауіпсіздігін арттыру, техникалық құралдармен жабдықтау, лицензиялы қамтамасыз етуді сатып алу, әкімшілерді және жүйені қолданушыларды оқыту.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N Рет са. ны | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 007 | | Мемлекеттік органдардың электрондық құжат айна- лымының бірыңғай жүйесін құру | 1. Электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесін ведомстволық деңгейде бағдарлама- лық қамтамасыз етуді дамыту. 2. Ведомствоаралық құжат айналымының орталығын бағдарла- малық қамтамасыз етуді дамыту. 3. XML базасында жіктеуіштерді | Жыл ішін- де | Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі |

қалыптастыру.
4. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесін бағдарламалық қамтамасыз етуді енгізу.
5. Электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесін пайдаланушыларды, әкімшілерін оқытуды ұйымдастыру және жүргізу.
6. Электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесінің жобасы бойынша жоба мен консалтингтік көрсетілетін қызметтерді басқару.
7. Мемлекеттік органдар үшін техникалық құралдар мен лицензияланған бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу:
сервер - 23 бірлік, резервтік көшіру жүйесі - 23 бірлік, Үзіліссіз қоректендіру көзі - 23 бірлік, маршрутизатор - 3 бірлік, желіаралығын қорғайтын экран - 3 бірлік, телекоммуникациялық

жабдық - 23 бірлік, DSL модемі - 23 бірлік, жұмыс станциясы - 67 бірлік, принтерлер - 23 бірлік, сканер - 23 бірлік, серверлік лицензиялар - 20 бірлік, FineReader лицензиялары - 20 бірлік, Lotus Notes клиенттік лицензиялары - 640 бірлік, MQ Series лицензиялары - 43 бірлік

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Сапалық көрсеткіштер: мемлекеттік органдар арасында толассыз бірыңғай құжаттар айналымын жасау, басқарудың барлық деңгейінде ақпаратты өңдеудің бірыңғай технологиясын пайдалану, ақпараттық ағындарды ұтымды ұйымдастыру, ақпараттың қосарланушылығын болдырмау және оның дұрыстығын, өзектілігі мен қауіпсіздігін арттыру; ақпараттық технологиялар жетістігін ендірумен, басқарушылық шешімдерді қабылдау жеделдігі мен сапасын арттыру, мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру, даярлау процесін және құжаттармен жұмысты жетілдіру есебінен мемлекеттік қызметшілердің еңбек өнімділігін арттыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына
366-ҚОСЫМША

603 - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Мемлекеттік органдардың ақпараттық инфрақұрылымын құру" деген 008 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 216800 мың теңге (екі жүз он алты миллион сегіз жүз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: 2004 жылғы 24 сәуірдегі

Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексі ; "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 мамырдағы Заңының 5-бабы ; "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы Заңының 5-бабы ; "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылдың 2 желтоқсанындағы Заңы ; Қазақстан Республикасының Президентінің "Қазақстан Республикасында "электрондық үкімет" қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 10 қарашадағы N 1471 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасының ақпараттандыру саласындағы ұлттық операторы туралы" 2004 жылғы 16 қаңтардағы N 44, "Мемлекеттік органдарды ақпараттандыру мәселелері туралы" 2000 жылдың 5 қазандағы N 1501 ; "Қазақстан Республикасында бірыңғай ақпараттық кеңістікті дамыту және Ұлттық ақпараттық технологиялар жабық акционерлік қоғамын құру туралы" 2000 жылғы 4 сәуірдегі N 492 қаулылары .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: мемлекеттік органдардың ақпараттық инфрақұрылымының құрылуы және дамуы.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: "электрондық үкімет" веб-порталын және шлюзін құру, мемлекеттік органдар үшін куәландырушы орталықты құру, KZ доменімен басқару орталығын құру, мемлекеттік органда электрондық мұрағаттардың ақпараттық жүйесін енгізу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N Рет са. ны | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 008 | | Мемлекеттік органдардың ақпараттық инфрақұрылымын құру | 1. "Электрондық үкімет" веб-порталы мен шлюзін құру және дамыту.<br>1.1. "Электрондық Үкімет" веб-порталының интерфейсінің құру және дамыту. | Жыл ішін-де | Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі |

1.2. Техникалық құралдар мен лицензияланған бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу: сервер - 3 бірлік, желілік жабдық - 1 жиынтық, бағдарламалық қамтамасыз ету лицензиялары - 5 бірлік.

1.3. "Электрондық үкімет" веб-порталы мен шлюзін құру жобасы бойынша жобаларды басқару және консалтингтік қызметтер.

2. Мемлекеттік органдар үшін куәландырушы орталықты құру:

2.1. Мемлекеттік органдардың электронды құжат айналымының бірыңғай жүйесімен (ЭҚАБЖҚ) куәландырушы орталықты бағдарламалық қамтамасыз етуді біріктіру;

2.2. Техникалық құралдар мен лицензияланған бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу: Сервер - 5 бірлік, жұмыс станциясы - 8 бірлік, шешуші ақпаратты сақтаудың

аппараттық құралы - 1 000 бірлік, лицензияланған бағдарламалық қамтамасыз ету - 15 бірлік;
2.3. Электрондық цифрлық қолтаңбаны енгізу және оқыту;
2.4. Куәландыру орталығын құру жөніндегі консалтингтік қызметтер мен жобаны басқару;
3. KZ доменімен басқару орталығын құру:
3.1. Техникалық тапсырма мен тұжырымдаманы әзірлеу;
3.2. KZ доменімен басқару жүйесін әзірлеу, орналастыру және бағдарламалық қамтамасыз етуді дәлдеп келтіру;
3.3. Техникалық құралдарды сатып алу:
сервер - 9 бірлік, Үздіксіз қоректендіру көзі - 2 бірлік, серверлерге арналған шкаф - 2 бірлік, телекоммуникациялық жабдық - 5 бірлік, генератор - 1 бірлік;
3.4. KZ доменімен

басқару орталығын құру жобасын басқару.
4. Мемлекеттік органда электрондық мұрағаттардың ақпараттық жүйесін енгізу.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесін пайдаланушыларға электрондық цифрлық қолтаңба қызметін беру; "электрондық үкімет" және KZ доменімен басқарудың құрамдас бөліктерін қалыптастыру үшін техникалық базасын құру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына
367-ҚОСЫМША

603 - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Ведомствоаралық ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету" деген 010 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 250920 мың теңге (екі жүз елу миллион тоғыз жүз жиырма мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: 2004 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексі ; "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 мамырдағы Заңының 5-бабы ; "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы Заңының 5-бабы ; "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылдың 2 желтоқсанындағы Заңы; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында "электрондық үкімет" қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 10 карашадағы N 1471 Жарлығы ; "Мемлекеттік аппараттың жұмысын жақсарту, төрешілдікке қарсы күрес және құжат айналымын қысқарту жөніндегі шаралар туралы" 2000 жылғы 31 шілдедегі N 427 Жарлықтары ; "Қазақстан Республикасының ақпараттандыру саласындағы ұлттық операторы туралы" 2004 жылғы 16 қаңтардағы N 44; "Мемлекеттік органдарды ақпараттандыру мәселелері туралы" 2000 жылдың 5 қазандағы N 1501 ; "Қазақстан Республикасында бірыңғай

ақпараттық кеңістікті дамыту және Ұлттық ақпараттық технологиялар жабық акционерлік қоғамын құру туралы" 2000 жылғы 4 сәуірдегі N 492 қаулылары .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасында "электрондық үкімет" қалыптастырудың шеңберінде ведомствалық және ведомствоаралық ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің мемлекеттік тіркелімін, мемлекеттік органдардың электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесін, "Жеке тұлғалар", мемлекеттік дерекқорын (МДҚ) сүйемелдеу; "Электрондық үкімет" ақпараттық жүйесін телекоммуникациялық көрсетілетін қызметтерді қамтамасыз ету және техникалық жүйесін бағдарламалық-аппараттық құралдармен қызмет көрсету; Қазақстан Республикасы Үкіметі мен мемлекеттік органдардың веб-сайтын сүйемелдеу; ведомствоаралық ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін техникалық қолдау; Интернет-ресурстардың мониторингі, мемлекеттік органдар ресми электронды мекен-жайларының анықтамалығын өзекті ету, ақпараттық ресурстарды сараптау жүйелерін сүйемелдеу және мемлекеттік ақпараттық жүйелер бағдарламалық кодтарының депозитарилері мен нормативтік-техникалық құжаттамасының жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N Рет са. ны | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 010 | | Ведомство-аралық ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 1. Мемлекеттік органдардың ақпарат-тық ресурстары мен ақпараттық жүйелері-нің Мемлекеттік тіркелімін сүйемелдеу. 2. Мемлекеттік органдардың элек-трондық құжат айна- | Жыл ішін-де | Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі |

лымының бірыңғай жүйесін (басқару) сүйемелдеу.
3. "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорын сүйемелдеу.
4. Мемлекеттік органдар ресми электронды мекен-жайларының анықтамалығын өзекті ету.
5. Интернет-ресурстардың мониторингі.
6. Жүйелерді, сараптауды, оның ішінде зерттеу лабораторияларын сүйемелдеу.
7. Бағдарламалық кодтар депозитариін және ғылыми-техникалық құжаттарды сүйемелдеу.
8. Жабдықтарды техникалық қызмет көрсету.
9. Қазақстан Республикасы Үкіметі мен мемлекеттік органдардың веб-сайтын сүйемелдеу. Телекоммуникациялық көрсетілетін қызметтер.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: мемлекеттік органдардың мемлекеттік тіркелімнің, депозитаридің, деректерқорын мемлекеттік органдар ресми электронды мекен-жайларының анықтамалығын өзекті ету; "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқоры, электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі

ақпараттық жүйесін сүйемелдеу (басқару); құрылатын ақпараттық жүйелерге сараптама жүргізу, оларды талдау мен осы саладағы мемлекеттік саясатты іске асыру мақсатында Интернет-ресурстардың мониторингін жүргізу, мемлекеттік органдардың қолда бар қазіргі заманғы интеграцияланған жүйелерін бірыңғай ақпараттық ортаға біріктіру; Қазақстан Республикасының Ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастырудың және дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде құрылатын ақпараттық жүйелерді техникалық жағынан қолдау.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
368-ҚОСЫМША

603 - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Мемлекеттік органдардың бірыңғай көліктік ортасын құру" деген 011 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 1060422 мың теңге (бір миллиард алпыс миллион төрт жүз жиырма екі мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: 2004 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексі , "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 мамырдағы Заңының 5-бабы ; "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы Заңының 5-бабы ; "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылдың 2 желтоқсанындағы Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында "электрондық үкімет" қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 10 карашадағы N 1471 Жарлығы ; "Мемлекеттік органдарды ақпараттандыру мәселелері туралы" 2000 жылдың 5 қазандағы N 1501; "Қазақстан Республикасында бірыңғай ақпараттық кеңістікті дамыту және Ұлттық ақпараттық технологиялар жабық акционерлік қоғамын құру туралы" 2000 жылғы 4 сәуірдегі N 492 ; "Қазақстан Республикасының ақпараттандыру саласындағы ұлттық операторы туралы" 2004 жылғы 16 қаңтардағы N 44 қаулылары .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесінің өзара іс-қимылы үшін бірыңғай көліктік ортаны қалыптастыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Астана қаласында мемлекеттік органдар

үшін пилоттық аймағын құру, мемлекеттік органдардың біріктірілген жүйелерінің өзара іс-қимылы тетігін әзірлеу, біріктірілген ақпаратқа регламентті қол жетімділік жөніндегі нормативтік құжаттар әзірлеу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N Рет са. ны | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 011 | | Мемлекеттік органдардың бірыңғай көліктік ортасын құру | 1. Астана қаласында мемлекеттік органдар үшін бірыңғай мультисервистік көліктік ортаның пилоттық аймағының техникалық жұмыс жобасын, оның ішінде іске қосу жұмыстарын құру. 2. Техникалық құралдарды сатып алу және орнықтыру - Астана қаласындағы пилоттық аймақ үшін - 1 жиынтық. 3. Мемлекеттік органдар үшін бірыңғай көліктік ортаның жүйесін әкімшілеу. 4. Мемлекеттік органдар үшін бірыңғай мультисервистік көліктік ортаны құрудың жобасын басқару. | Жыл ішінде | Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі |

5. Мемлекеттік органдардың бірыңғай көліктік ортасының жұмыс істеуі үшін көрсетілетін теле-коммуникациялық қызметтер.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Сапалық көрсеткіштер: Астана қаласының пилоттық аумағында мемлекеттік органдарының ақпараттық жүйелерінің өзара әрекет етуін қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына 369-ҚОСЫМША

603 - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Почта-жинақтау жүйесін дамыту" деген 013 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 1444709 мың теңге (бір миллиард төрт жүз қырық төрт миллион жеті жүз тоғыз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Почта туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы Заңы ; "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылдың 2 желтоқсанындағы Заңы ; "2005-2010 жылдарға Қазақстан Республикасы почталық-жинақ жүйесінің даму бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 қазандағы N 1077 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: қазіргі заманғы технологиялар мен халықаралық қауымдастығының прогрессивті формаларының негізінде почталық қызмет сияқты қаржылық қызмет көрсетулеріне еркін қол жеткізуді қамтамасыз ететін тиімді почта-жинақ жүйесінің құрылуы.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: "Қазпочта" АҚ жарғылық капиталын ұлғайту жолы арқылы негізгі қорларды жаңарту, технологиялардың жаңасын енгізу және қолданыстағыларды жаңарту, техникалық қайта жаңарту және қолданыстағы

жабдықтар мен почталық-жинақылық жүйе объектілерінің жөндеу-пайдалану қызметтерін жаңарту.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N Рет са. ны | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 013 | | Почта-жинақтау жүйесін дамыту | "Қазпочта" акционерлік қоғамының жарғылық капиталын ұлғайту. | Жыл ішінде | Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: "Қазпочта" АҚ келесі шараларды жүзеге асырады: 31 ғимаратты күрделі жөндеуден өткізу, күзет техникалық және өрттен қорғау жүйесінің құралдарын орнату, 2000 көшелік почта қорабтарын, 805 ауылдық почта байланыс бөлімшелері үшін жиһаздар, 6 почталық вагон, 58 жылжымалы почта байланыс бөлімшелерін, 9 ауылдық жерлерде ғимарат, 1372 банкілік және 257 кассалық жабдық бірліктерін сатып алу, кейінгі акциялардың эмиссиясын шығару.

Халыққа почталық-жинақылық жүйенің қызметтерін ұлғайтуды қамтамасыз ететін, ауылдық жерлерде шағын және орта бизнесті дамытатын және іскерлік активтіліктің өсуін көтеретін, қызметтер түрлерін кеңейтетін қаржылық механизмдерін құру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына
370-ҚОСЫМША

603 - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Ауылдағы байланыс операторларының әмбебап байланыс**

**қызметтерін ұсыну жөніндегі залалдарына өтемақы" деген 017 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 3683913 мың теңге (үш миллиард алты жүз сексен үш миллион тоғыз жүз он үш мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі Заңының 34-бабы ; 2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының 2004 жылдың 2 желтоқсанындағы Заңы ; 2004 жылғы 7 қазандағы "Халыққа телекоммуникацияның әмбебап қызметтерін көрсететін байланыс операторларының шығындарын өтеу үшін телекоммуникацияның әмбебап қызметтерінің құнын субсидиялау ережесін бекіту туралы" N 1039 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: халықтың қазіргі заманғы телекоммуникациялық қызметтерге қол жетімділігі, ауыл және қала халқының арасындағы өмір сүру деңгейіне, білім алуына және басқа да әлеуметтік қызметтерге қатысты теңсіздікті жою, сондай-ақ азаматтардың ақпараттық ресурстарға қол жеткізуіне тең құқықтары мен мүмкіндіктерін қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: ауылдық елді-мекендерде қызмет көрсететін байланыс операторларының шығынсыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N Ретсаны | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 017 | | Ауылдағы байланыс операторларының әмбебап байланыс қызметтерін ұсыну | Субсидиялау ережесіне сәйкес ауылдық жерлердегі халыққа әмбебап байланыс қызметтерін көрсететін байланыс операторларына шығындарды өтеу. | Жыл ішінде | Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі |

жөніндегі залалдарына өтемақы

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: ауылдық жерлерде әмбебап телекоммуникация қызметтерін ұсынатын ауыл байланысы операторларының шығындарын қаржыландыру (дотациялау) тетігін енгізудің нәтижесінде республиканың ауылдық елді мекендердің халқы байланыс қызметтерімен қамтамасыз етілетін болады. Байланыс қызметі рыногында ауылдық жерде қызмет көрсететін жаңа операторлардың пайда болуы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына 371-ҚОСЫМША

*Ескерту. 371-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N* 509 *қаулысымен.*

603 - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне қалалық телекоммуникациялық желілердің абоненттері болып табылатын, әлеуметтік қорғалатын азаматтарға телефон үшін абоненттік төлем тарифінің көтерілуін өтеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер" деген 018 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 70963 мың теңге (жетпіс миллион тоғыз жүз алпыс үш мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: 2004 жылғы 5 шілдедегі "Байланыс туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабы ; 2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының 2004 жылдың 2 желтоқсанындағы Заңы ; "Телекоммуникацияның әмбебап қызметтерінің тарифтерін қайта ребаланстау жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 тамыздағы N 884 қаулысы , "Телекоммуникацияның қалалық желілерінің абоненттері болып табылатын әлеуметтік қорғалатын азаматтарға телефон үшін абоненттік төлем тарифтерін жоғарлатуды өтеу Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 қыркүйектегі N 949 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: телекоммуникация қызметтерінің тарифтерін жоғарлату жағдайында телекоммуникациялық қалалық желілерінің абоненттері болып табылатын аз қамтылған азаматтарды әлеуметтік қорғау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: телекоммуникация қызметтерінің тарифтерін жоғарлату жағдайында осы қызметтерді өтеуге әлеуметтік жағынан қорғалатын азаматтарға компенсация төлеуді қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N Ретса. ны | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 018 | | Облыстық бюджеттерге Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне қалалық телекоммуни- кациялық желілердің абоненттері болып табы- латын, әлеу- меттік қор- ғалатын аза- маттарға телефон үшін абоненттік төлем тари- фінің көте- рілуін өтеуге берілетін | Облыстық бюджеттер- ге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне қала- лық коммуникациялар желілерінің абонент- тері болып табылатын әлеуметтік жағынан қорғалатын азамат- тарға Әкімиаттардың тоқсан сайын тапсы- рыстар ұсынуы бойын- ша тұрғын үй жәрдем- ақысы тетігі арқылы телефон үшін абоненттік төлем тарифінің көтерілуін өтеуге арналған мақсатты ағымдағы трансферттер аудару. | Жыл ішін- де | Қазақстан Республикасы- ның Ақпарат- тандыру және байланыс агенттігі |

ағымдағы
нысаналы
трансферттер

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: бағдарламаны іске асыру нәтижесінде телекоммуникация қызметтерінің тарифтерін жоғарлату жағдайында телекоммуникациялық қалалық желілерінің абоненттері болып табылатын әлеуметтік қорғалатын азаматтардың материалдық жағдайының төмендеуіне әкеліп соқпайды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК